

Бір мезгілде қанша дәрі қолдануға болады және дәрілер бір-біріне қалай әсер етеді?
Полипрагмазия

ХАЛЫҚҚА АРНАЛҒАН ДӘРІЛІК БЮЛЛЕТЕНЬ

2025 жыл



Полипрагмазия – бұл бір мезгілде бірнеше, тіпті кейде ондаған дәрілік препараттарды қабылдау. Медициналық тәжірибеде бұл термин дәрілерді шамадан тыс тағайындауды білдіреді. Қанша препараттан бастап полипрагмазия туралы айтуға болады деген нақты шек жоқ, алайда жалпы алғанда, егер адам бір уақытта 5 немесе одан да көп дәрі қабылдаса – бұл ойлануға себеп болып саналады.

Маңыздысы – тек дәрігер тағайындаған дәрілерді ғана емес, сонымен қатар дәріханадан рецептсіз берілетін препараттарды, биологиялық белсенді қоспаларды (ББК), сондай-ақ өсімдік тектес құралдарды да ескеру қажет. Әртүрлі препараттарды шамадан тыс біріктіру жағымсыз жанама әсерлерге және қауіпті өзара әрекеттесулерге әкелуі мүмкін. Полипрагмазия, антибиотиктерді шамадан тыс қолдану және негізсіз инъекцияларды пайдалану көптеген елдерде денсаулық сақтау саласындағы ең өзекті мәселелердің бірі болып танылған. Есте сақтау керек: емнің сәттілігі тек дәрігерге ғана емес, сонымен қатар медициналық нұсқауларды қатаң сақтауға тиіс науқастың өзіне де байланысты.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған көрсеткіштердің бірі – бір рецептідегі дәрілердің орташа саны. Дәрілер неғұрлым көп болса, оларды шамадан тыс тағайындау қаупі соғұрлым жоғары болады.

Полипрагмазияның себептері дәрігерге де, науқастың өзіне де байланысты болуы мүмкін. Жалпы алғанда, оның дамуына ықпал ететін факторлар:

- дәрі-дәрмектің нарықтағы кең ассортименти;
- аурулар туралы ақпараттың шамадан тыс көптігі;
- симптомдардың көптігі;
- жеткіліксіз немесе үстірт жүргізілген диагностика .

Маңызды рөлді психологиялық фактор да атқарады. Дәрігерлер кейде «әр жағдайда қажет болып қалар» деген оймен қосымша дәрілерді тағайындайды, ал пациенттер көп дәрі жазып берген мамандарға көбірек сенім артады. Көбінесе адамдар: «егер дәрігер дәрі жазып бермесе – ол нашар маман» деп ойлайды.

Полипрагмазия әсіресе бірнеше созылмалы аурудан қатар зардап шегетін қарт пациенттер арасында жиі кездеседі. Бұған қоса, дәрігерді жиі ауыстыру немесе қазіргі емдеуші дәрігерге хабарламай, емдеу сызбасын өз бетінше жаңа препараттармен «толықтыру» әдеті де қосылады.

Шамадан тыс дәрі тағайындаудың классикалық мысалы – антибиотиктерді негізсіз қолдану. Оларды жиі тұмау кезінде немесе диареяны емдеуге арналған құрамдас дәрілердің ішіне қосып жатады. Алайда тұмауды вирустар қоздырады, ал көп жағдайда диарея да вирустық сипатта болады. Мұндай жағдайларда антибиотиктер тек пайдасыз ғана емес, сонымен қатар зиянды да болуы мүмкін.





Дәрілерді шамадан тыс тағайындау мен дұрыс пайдаланбауға байланысты қауіптерді азайту үшін емге жауапкершілікпен қараудың қарапайым қағидаларын сақтау маңызды. Бұл полипрагмазияның алдын алып, терапияны тиімді әрі қауіпсіз етуге көмектеседі

Полипрагмазиядан сақтанып, емдеуді қауіпсіз етуге көмектесетін бірнеше қарапайым кеңес::

1.Барлық дәрілердің тізімін жүргізіңіз.

Сіз қабылдап жүрген барлық препараттарды жазыңыз: рецепт бойынша берілетін дәрілерді, рецептсіз сатылатын дәрілерді, қоспаларды және өсімдік тектес құралдарды. Бұл тізімді үнемі жаңартып отырыңыз.

2.Дәрілерді дәрігермен талқылаңыз.

Дәрігерге барған кезде әрқашан дәрілердің толық тізімін бірге алып жүріңіз. Бұл дәрігерге олардың өзара әсерін тексеруге көмектеседі.

3.Артық дәрі қабылдамаңыз.

Шын мәнінде қажет дәрілерді ғана қабылдаңыз. Егер сізге жаңа ем тағайындалса, оның не үшін қажет екенін нақтылаңыз және дәрігермен кеңеспей қосымша дәрілерді қабылдамаңыз.

4.Препараттардың ықтимал өзара әсерін мерзімді түрде тексеріп отырыңыз.

Кейбір дәрілерді бірге қабылдау жағымсыз әсерлерге әкелуі мүмкін. Мысалы, Варфарин мен Ацетилсалицил қышқылын (Аспирин) қатар қолданғанда қан кету қаупі жоғарылайды. Дәрігер немесе фармацевтпен сіз үшін қауіпсіз комбинациялар жөнінде кеңесіңіз.

5.Емдеу сызбасын тек дәрігердің нұсқауымен өзгертіңіз.

Дәрігер емдеуді өзгерткен жағдайда, оның себебін және денсаулығыңызға қалай әсер ететінін сұрап біліңіз. Өзгерістерді жазып алыңыз, ұмытпау үшін.

6. Жаңа дәрілерге мұқият болыңыз.

Жаңа дәрі тағайындалған кезде дәрігерден қандай дозадан және қандай сызба бойынша бастау керектігін нақтылаңыз. Бұл ағзаның бейімделуі мен жанама әсерлер қаупін төмендету үшін өте маңызды. Дозаны өз бетіңізше өзгертпеңіз.

7.Қажетсіз дәрілерді тоқтатуды талқылаңыз.

Егер қандай да бір дәріні қабылдау қажет болмаса, оны тоқтату жайында дәрігермен сөйлесіңіз.

8.Дәрігер ауысқанда ақпарат беріңіз.

Жаңа дәрігерге қаралғанда немесе ауруханадан шыққанда, қабылдап жүрген барлық дәрілеріңіз туралы міндетті түрде хабарлаңыз.



<https://nrchd.kz/ru/>



<https://www.facebook.com/nncrzRK>



NRCHD_KZ